



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№3 (807) Сәрсенбі 18 қаңтар 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҚАЗАҚСТАНДА АЯҚ КИІМНІҢ ЦИФРЛЫҚ ТАҢБАЛАНЫЛУЫ ҚАНША ТҰРАДЫ?



2-бет

ОРАЛ БАБА – ӘУЛИЕ БАБА



3-бет

МӘМС-2023: КІМ ҚАНША ТӨЛЕЙДІ?

4-бет



## МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН КҮШ БІРІКТІРУ ҚАЖЕТ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары аясында «Абу Дабі тұрақты даму апталығы» атты саммиттің ашылу рәсіміне қатысты.

Сонымен қатар жиында Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл – Нахаян, Оңтүстік Корея Президенті Юн Сок Ель, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Ангола Президенті Жуан Лоренсу, Мысыр Сыртқы істер министрі, БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясы 27-ші сессиясының (COP27) президенті Самих Шукри, сондай-ақ саясаткерлер, жаңартылатын энергия, технологиялық даму және инновация салаларының жетекшілері, инвесторлар мен кәсіпкерлер қатысты.

ADSW 2023 – орнықты даму үдерісіне халықаралық күш-жігерді қолдауға бағытталған БАӘ жаһандық бастамасы. Абу Дабі саммиті – азық-түлік пен су ресурсы

қауіпсіздігі, энергияға қолжетімділік, өнеркәсіпті көміртегінен арылту, денсаулық сақтау және климаттағы өзгерістерге бейімделу сияқты ауқымды әрі өте маңызды мәселелерге арналған биылғы алғашқы халықаралық форум.

Жиынның мақсаты – жаһандық қоғамдастықты біріктіретін және түрлі мәселелерде, жаңашыл серіктестік қатынастар мен инновациялық шешімдерде келісімге қол жеткізу үшін конструктивті диалогқа жол ашатын орнықты даму саласының күн тәртібін қалыптастыру және COP28 конференциясына тын серпін беру.

(жалғасы 2-бетте)

## ҚР ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНА ҚЫЗЫЛОРДАДАН РУСЛАН РҮСТЕМОВ САЙЛАНДЫ

Өткен сенбіде еліміздің барлық өңірлерінде ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау өтті. Облыста таңдаушылар жиыны «Достық үйінде» өткізілді. Өңірдің барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы таңдау жасады.

Жиынды облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов ашып, сайлау тәртібі мен кандидаттарды таныстыру үшін сөз

кезегін облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаевқа берді. Биылғы сайлаудың маңыздылығы туралы арнайы есеп берген ол былтыр 26 қарашада Мемлекет басшысының Жарлығымен 2023 жылғы 14 қаңтарға ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау тағайындалғанын жеткізді. Соған орай тиісті дайындық жұмыстарын жүргізген облыстық сайлау комиссиясы өзін-өзі ұсынған кандидаттардан түскен өтінішті қарап, үміткерлердің ҚР Конституциясында және «ҚР Сайлау туралы» Конституциялық заңында көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеріп, тиісті хаттама жасайды.

(жалғасы 2-бетте)

## ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІ НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАДА І ОРЫНДА

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Үкімет отырысы өтіп, селекторлық жиында 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары туралы баяндалды.

Отырысқа министрлер мен онлайн режимде өңір әкімдері қатысып, Үкімет мүшелері мен мемлекеттік орган басшылары баяндама жасады.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуанытұров Қызылорда өңірі негізгі капиталға салынған инвестиция қарқыны бойынша республикада І орында екенін атап өтті. Ведомство басшысы басқа да салалар бойынша Сыр өңірі алдыңғы көрсеткіштерге қол жеткізгенін мәлімдеді.

Жиында Үкімет басшысы өткен жылдың қорытындысы бойынша ел экономикасы қалыпты даму қарқынын сақтап қалғанын атап өтіп, бірқатар

тапсырмалар берді.

«Өткен жылдың қорытындысы бойынша ел экономикасы қалыпты даму қарқынын сақтап қалған. Барлық негізгі макроқорсеткіштер бойынша Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласында өсім байқалады», - деді Ә.Смайылов.

Жиын барысында Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерулан Жамаубаев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев, Энергетика министрі Болат Ақшолоқов және

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашоқиев өз салалары бойынша жыл қорытындысын ұсынды.

Мұнан бөлек, жиында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр алдағы егін егу маусымы қарсаңында жанар-жағармай тапшылығын тудырмас үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін дизель отынымен қазірден бастап қамтамасыз етуді ұсынды.

Үкімет тапсырмаларын орындау бойынша селекторлық жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев экономикалық өсімді қалыптастыру бағытында және бөлінген қаражатты уақытылы әрі мақсатқа сай игеру бойынша қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

«Өткен жылды жақсы нәтижелермен қорытындыладық, аймағымыз әлеуметтік-экономикалық даму және

республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары бойынша республикада алдыңғы қатарда. Биыл да жұмыс қарқынын төмендетпей, межелі міндеттерді уақытылы орындау керек. Әсіресе, инвестиция тарту көлемін одан әрі ұлғайтып, жаңа жобаларды ұсыну қажет. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына және қала, аудан әкімдеріне «Байқоңыр» ӘКК-мен бірлесіп облыстағы әрбір өнеркәсіп нысаны бойынша егжей-тегжейлі талдау жұмыстарын жүргізіп, нәтижесімен облыстың өнеркәсіп өндірісін, өңдеу өнеркәсібін оң тенденциясын қамтамасыз етудің нақты ұсыныстарын енгізуді тапсырамын», - деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі ауа райының салқындауына байланысты аймақ бойынша барлық әлеуметтік нысандарда отын қорынын жеткілікті болуын, жанар-жағармай қорынбақылауда ұстауды тапсырды.

## МИНИСТРЛЕРМЕН ӨҢІР ҮШІН МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласына жұмыс сапары барысында бірқатар министрлермен кездесіп, өңір үшін маңызды жобаларды талқылады.



Алдымен аймақ басшысы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Зулфия Сүлейменовамен кездесті. Бүгінде Сыр елінің шаруалары республика бойынша күршікке деген қажеттіліктің 90 пайызын өтеп келеді. Нұрлыбек Машбекұлы шаруаларды алаңдатып отырған проблема – суару желілерінің қанағаттанарлықсыз жағдайын мәселе етіп көтерді. Жыл сайын шамамен 2 млрд. текше метр су жоғалады, бұл республикадағы жалпы су шығынының жартысын құрайды. Мәселені шешу үшін өңір басшысы суару жүйелерін қалпына келтіру және жаңғырту жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету, су бөлу процестерін автоматтандыру және цифрландыру керектігін ұсынды. Сондай-ақ, өңірдегі өзекті мәселенің бірі – Арал теңізі. Кейінгі 12 жылда 8,5 млрд. текше метр тартылған теңіздің жағдайы алаңдатарлық.

Аймақ басшысы министрге маңызды мәселені айта отыра, вегетациялық кезеңде дарияның жоғарғы сағасындағы елдермен келіссөздер жүргізіп, мәселені шешу жолдарын талқылады. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлімен кездесу барысында Қызылорда облысының облысының қоғамдық-саяси ахуалы туралы өзекті мәселелер мен жастар саясаты саласындағы жаңа бастамаларды талқылады. Министрдің ұсынысына сәйкес өңірде дін басқармасы қайта құрылатын болды. Сонымен бірге, ашық азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыс орнатудың жаңа тәсілдері талқыға түсті.

Аймақ басшысының ҚР Әділет министрі Азамат Ескараевпен кездесуі барысында облыс әкімдігі тарапынан қабылданып жатқан қаулы-қарарлар мен нормативтік-құқықтық актілердің заңнамалық сипаттамалары сөз болды. Облыстағы бұл қызметті жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар айтылды.

Облыс әкімі ҚР Ұлттық

экономика министрі Әлібек Қуанытұровпен кездесіп, елді мекендерді дамыту мақсатында қаржыландыруға ұсынылатын жобаларды пысықталды. Аталған министрлік аймақта 2023 жылы жалпы құны 5 млрд. теңгені құрайтын 17 жобаны жүзеге асыруды жоспарлауда. Республикалық бюджетті нақтылау барысында тағы да 72 жоба ұсынылды. Атап айтқанда, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жалпы құны 7,6 млрд. теңгені құрайтын 41 жоба, «Облыс орталықтарын дамыту» бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 17,1 млрд. теңгеге 23 жоба, «Шағын қалаларды дамыту» бағдарламасы бойынша жалпы құны 6,5 млрд. теңге болатын 8 жоба бойынша өтінім берілді. Барлық жобалар елді мекендердің өзекті мәселелерін шешуге және тұрғындарға аса қажетті инфрақұрылымдық жетілдіруге салуға бағытталған. Министрмен кездесу барысында Қызылорда облысының бюджетін көтеру, экономиканы әртарапандыру, кіріс көлемін жоғарғы сағасындағы елдермен келіссөздер жүргізіп, мәселені шешу жолдарын талқылады.

Облыста білім саласын дамытуға бағытталған арнайы бағдарлама қабылданатын болды. Бұл туралы облыс әкімі мен ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың кездесуі барысында шешім қабылданды. Аталған бағдарлама – білім сапасын арттыру, оқу-тәрбие процесін жетілдіру, білім нысандарының инфрақұрылымын дамыту, бала саны көп мектептер жанындағы қосымша құрылыстар мен апатты жағдайдағы білім ошақтарының, бейімделген ғимараттардың мәселелерін шешуге бағытталады.

Облыстағы білім беру саласын жетілдіруге бағытталған бұл ұсыныстар министрлік тарапынан қолдау табатын болды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының қолдауымен облыста алдағы 3 жылда Ұлттық жоба аясында 21 жайлы мектептің құрылысы жүргізіледі.

## ТИІСТІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА

Қазіргі уақытта Сырдария өзеніне жоғарыдан мол су келіп тұсауда. Соған сәйкес мол суды аудан аумағынан Кіші Арал теңізіне қауіпсіз өткізу үшін тиісті жұмыстар атқарылууда.

Бүгін су тасқыны жағдайындағы төтенше жағдайлардың алдын алу, зардабын жою мақсатында дайындық шаралары пысықталды. Арнайы өткізілген саптық қарауға азаматтық қорғау қызметтері, мекемелер, кәсіпорындар және авариялық-құтқару қызметтері жұмылдырылды.

Арал ауданы әкімінің орынбасары Қ.Әбсұлтанов азаматтық қорғау қызметтерінің құрамын толық аралап, тәуліктің кез келген уақытында барлық жағдайға дайын болу қажеттігін түсіндірді. Әрбір мекемеге көлік құралдары мен қажетті техникалардың әзір болуын тапсырды. Жауапты мамандарға Сыр өңіріндегі елді мекендерді қатан бақылауға алу, ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп, дариядағы су деңгейін назарда ұстау жүктелді.

## МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН КҮШ БІРІКТІРУ ҚАЖЕТ

(соңы, басы 1-бетте)

Президент «Абу Даби тұрақты даму апталығы» саммитінің ашылу салтанатында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы өз сөзінде жаһандық маңызы бар өзекті тақырыптар талқыланатын ауқымды халықаралық шараны ұйымдастырғаны үшін жоғары мәртебелі шейх Мұхаммед бен Зайд Әл Нахаянға алғыс айтты.

Президент анағұрлым таза әрі «жасыл» әлем жолындағы орнықты даму баршаға ортақ міндет екенін атап өтті.

– Өкінішке қарай, геосаяси тұрақсыздықтың шиеленісуі және энергетикалық қауіпсіздіктің сақталмауы климаттың өзгеруіне қатысты мәселені елеусіз қалдырды. Жаһандық орташа ауа температурасы көтерілген сайын әлемдегі құнарлы азықтың 66 пайызын қамтамасыз ететін негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымы едәуір азаюы ықтимал. Сондай-ақ тұшы су тапшылығына душар болу қаупі зор. БҰҰ баяндамасына сәйкес, 2050 жылға қарай климаттың өзгеруі салдарынан 5 миллиардтан астам адам ауызсуға зәру болуы мүмкін. Бұл дүниежүзілік азық-түлік, энергетика, қала және экология жүйелеріне қатер төндірді. Мұның бәрі тек саяси шешімдерді ғана емес, басқа да жедел әрі тиімді шаралар қабылдауы талап етеді. Планетамызды сақтау үшін бұрын-соңды болмаған мөлшерде қаржылай инвестиция құю керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, климаттың өзгеруіне қарсы күрес тек даму немесе жаңғырту шараларымен

ғана шектелмей, өзара тығыз байланыста қатар жүруге тиіс. Президент елімізде электр энергиясының 70 пайызға жуығы көмірден өндірілетінін атап өтіп, алдағы уақытта өнеркәсіп пен экономикаға түбегейлі құрылымдық өзгерістер әкелетін ауқымды шараларға арнайы тоқталды. Президенттің айтуынша, жаңа Экологиялық кодекс өнеркәсіп корпорацияларының жаңартылатын энергия көздеріне көшуіне оң ықпал етеді.

Қазақстан – көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін ұзақмерзімді стратегия қабылдаған Орталық Азиядағы алғашқы ел. Аталған стратегия ұлттық деңгейде анықталған климаттың өзгеруіне қарсы күрес көрсеткіштеріне үлес қосудың онтайлы тәсілдерін айқындайды.

Президент саммит қатысушыларына Қазақстандағы жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің перспективалары туралы мәлімет берді.

– Күн мен жел факторлары, сондай-ақ ұлан-ғайыр жеріміз Қазақстанның климатты сақтау жолындағы жаһандық іс-әрекеттерге атсалысып, жаңартылатын энергия секторында көш бастауына мүмкіндік береді. Осыған байланысты біз инвесторларға анағұрлым ұтымды шарттар ұсыну үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіріп жатырмыз. Жалпы, біздің жоспарымыз бойынша 2035 жылға қарай Қазақстанда 6,5 ГВт жаңартылатын энергия ресурсы пайда болады. Бұл орайда «жасыл сутегі» – келешегі зор

бағыттың бірі. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, еліміз сутегін экспорттаушылардың алғашқы ондығына кіре алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атом энергиясын пайдалану мәселесіне назар аударып, бұл ауаға тарайтын парниктік газдардың көлемін азайтуға әсер ететін басты фактордың бірі екенін айтты. Сондай-ақ Қазақстанның атом энергетикасын дамытудағы артықшылықтарына тоқталды, климаттың өзгеруіне тежеу стратегиясы үшін орман өсіру өмірлік маңызы бар бағыт саналатынын жеткізді. Оның айтуынша, Қазақстан Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ 26-шы конференциясында қабылданған Орман мен жерді пайдалану декларациясына қосылды. Бұдан бөлек, елімізде 2025 жылға дейін екі миллиард ағаш отырғызуды көздейтін ауқымды жоба басталды. Бытыр 282 миллион түп ағаш отырғызылды. Быыл тағы 410 миллион ағаш отырғызу жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы астық өндірісі бойынша Қазақстан әлемде жетінші орын алатынын атап өтіп, дүниежүзілік азық-түлік тапшылығымен күресте еліміздің ауыл шаруашылығы әлеуетін пайдалануға ниетті екенін мәлімдеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында саммитке қатысушылардың барлығын «жасыл жобаларды» жүзеге асыруға белсене атсалысуға, сондай-ақ ESG-инвестициялар мен орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін күш біріктіруге шақырды.

## ҚР ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНА ҚЫЗЫЛОРДАДАН РУСЛАН РҮСТЕМОВ САЙЛАНДЫ

(соңы, басы 1-бетте)

Облыстан үш үміткер сайлауға түсті. Олар – «ҚазСуШар» РМК филиалының басшысы Жорабек Нұрымбетов, Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов және Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов.

Осыған орай жабық дауыс беру шарасы өтетін жеткізген облыстық сайлау комиссиясының төрағасы қажетті тәртіпке де тоқталып өтті. Одан соң біртіндеп дауыс беру бұрышынан шыққан облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардың депутаттары өз таңдауын жасады.

Сайлауға барлық деңгейдегі мәслихаттардан 141 депутат қатысты. Дауыс беру нәтижесімен Жорабек Нұрымбетов 18 дауыс, Руслан Рүстемов 95, Асылбек Шәменов 27 дауыс жинады. Осылайша ҚР Парламенті Сенатына Қызылорда облысынан Руслан Рүстемов сайланды.

Айта кетейік, Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың алдын ала қорытындыларын жариялады. Парламент Сенатындағы 20 орынға 55 кандидат таласқа түсті. Алматы қаласынан төрт үміткер, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарынан – екі үміткерден, басқа облыстардан және Астана мен Шымкент қалаларынан – үш үміткерден тіркелді. Таңдаушылар тізімінде 3167 мәслихат депутаты болды.

Жалпы, өткен Сенат сайлауын «Күшті Президент – ықпалды



Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы бойынша жаңа үлгідегі Парламентті қалыптастырудың келесі кезеңі деуге болады. Саяси үдеріс жаңа тарихи кезеңге қадам басады.

Парламенттің жоғарғы палатасының функционалды мүмкіндіктері өзгеріп жатқанын да айта кеткен жөн. Конституциялық өзгерістердің арқасында әрбір палатаның өкілеттіктері нақтырақ айқындалды. Заң шығару миссиясының басым бөлігі Мәжіліске жүктелетін болады.

Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттарының президенттік квотасы Сенатқа өтеді. Енді Сенат Мемлекет басшысына тікелей бағынатын органдардың немесе Конституциялық сот, Бас прокуратура сияқты тәуелсіз құрылымдардың қызметін

бақылайтын болады. Өйткені олардың жетекшілерінің кандидатураларын бекіту жоғарғы палатадан өтеді.

Сондай-ақ, жоғарғы палатада жаңа тұлғалардың, жастардың көбейгені байқалады. Бұл белгілі бір дәрежеде Сенат жұмысын жандандыра түседі. Енді Мәжіліс заңдарды өз бетінше қабылдауға құқылы және Сенатпен келіспеушіліктер туындаған жағдайда оны еңсере алады. Бұрын заңдар міндетті түрде Сенатта мақұлдау рәсімінен өтетін. Бұл, біріншіден, Сенатты заң шығару функцияларынан босатады. Екінші жағынан, Мәжіліс 30% мажоритарлық жүйемен жасақталатындықтан, тәуелсіз депутаттар мен саясаткерлер көп болмақ. Сөйкесінше, жаңа заңдар әлеуметтік сұранысқа көбірек сәйкес келеді.

## ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Арал ауданы

### ҚОРҒАУ НҰСҚАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ӘКІМШІЛІК ЖАУАПҚЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңына сәйкес, қорғау нұсқамасы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларының бірі болып табылады және оны бұзу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексында (бұдан әрі – ӘҚБтК) белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Арал аудандық сотында ҚР ӘҚБтК-нің 461-бабымен, қорғау нұсқамасын бұзған азамат Ж-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Сот талқылауы барысында анықталғандай, Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының 20-бабына сәйкес, полиция қызметкерімен құқық бұзушыға қатысты қорғау нұсқамасы толтырылып, ол бойынша құқық бұзушыға жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіретін немесе психикалық залал келтіретін әрекеттер жасауға тыйым салынған.

Алайда, азамат Ж. алкогольдік ішімдік ішкен мезгілде отбасы тұрмыстық қатынастағы адамдарға сыйламаушылық білдіріп, былайыт сөздер айтып, олардың тыныштығын бұзып, қорғау нұсқамасының талаптарын бұзған.

Сот қаулысымен Ж. ӘҚБтК-нің 461-бабымен кінәлі деп танылып, оған ескерту түріндегі жаза қолданылды.

Айта кету керек, 2022 жылы аудандық сотта қорғау нұсқамасын бұзған тұлғаларға қатысты 22 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралып, әкімшілік жауаптылық түрлері белгіленген.

Кармақшы ауданы

### ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Кармақшы аудандық сотында төраға Қ.Мыханов, судья С.Желдербаев, сот кеңсесінің қызметкерлері және БАҚ өкілдерінің қатысуымен 2022 жылы атқарылған жұмыстар бойынша баспасөз конференциясы өтті.

Сот төрағасы өз сөзінде аудандық соттың сот төрелігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмыс қорытындысын сөз етіп, аудандық соттың өндірісінде 2022 жылдың 12 айында 76 адамға қатысты 56 қылмыстық іс түсіп, 74 адамға қатысты 57 қылмыстық іс аяқталғанын, аяқталған істердің ішінде 45 адамға қатысты 39 қылмыстық іс бойынша үкім шыққанын, 4 адамға қатысты 4 іс өндірістен тоқтатылып, 9 адамға қатысты 9 іс басқа сотқа соттылығы бойынша жолданғанын атап өтті.

Есепті мерзімде аудандық сотқа азаматтардан барлығы әртүрлі нысандағы 592 арыз, 16 іс түсіп, соның ішінде 389 талап қою бойынша азаматтық іс қозғалып, 84 сот бұйрығы, 241 шешім қабылданып, соттылықпен 29 іс жолданса, 98 іс медиация тәртібімен тоқтатылып, 48 іс қараусыз қалдырылып, есептік кезеңде барлығы 500 іс аяқталған.

Өткен жылы 479 құқық бұзушыға қатысты 479 әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс түсіп, 8 құқық бұзушыға қатысты 8 іс мәні бойынша өзге соттарға жолданса, 3 құқық бұзушыға қатысты 3 іс біріктіріліп, 467 құқық бұзушыға қатысты 467 іс аяқталған.

Сонымен қатар «Сот кабинеті» сервисі үздіксіз жұмыс жасап, арыздар мен құжаттар электронды форматта сотқа түседі. Есепті мерзімде барлық істер аудио-бейне жазба жүйесі арқылы 100% қаралған. Шара соңында сот төрағасы БАҚ өкілдерінің тарапынан сот әділдігін жүзеге асыру бойынша туындаған өзге де сұрақтарға жауап берді.

## ҚАЗАҚСТАНДА АЯҚ КИІМНІҢ ЦИФРЛЫҚ ТАҢБАЛАНҒАНЫ ҰҚАНША ТҰРАДЫ?

2021 жылдың қарашасынан бастап Қазақстанда аяқ киімді цифрлық таңбалау енгізілді. Кейбір кәсіпкерлер жаңашылдықты сынап, таңбалау аяқ киім құнының қымбаттауына әкеліп соқтырады дейді.

Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, Қазақстандағы аяқ киімнің көлемді импорттың көлемі нарықтағы жалпы тауар айналымының 48 пайызын құрайды. 2021 жылдың қарашасынан бастап Қазақстанда аяқ киімді цифрлық таңбалау енгізілді. Кейбір кәсіпкерлер жаңашылдықты сынап, таңбалау аяқ киімнің құнын қымбаттағанды дегенді алға тартты. Қазақстанның басқа экспорттаушы елдермен сәйкес келмеуі қазірдің өзінде 50 миллион жұп аяқ киімді құрайды. Келендік статистикадағы негізгі сәйкессіздіктер Қытай, Өзбекстан және Қырғызстанда.

2021 жылы Қытайдың кеден қызметі Қазақстан Республикасына әкелінетін экспортты қазақстандық деректермен салыстырғанда, 2 еседен астам сомаға тіркеді, бұл шамамен 780 миллион долларды құрайды. Контрабанданың үлкен ағыны жеткізілімдердің үлкен заңды көлемдерімен жасырылған. Мұның басты себебі – Қазақстан-Қытай шекарасындағы сыбайлас жемқорлық, оның ауқымын бағалау қиын. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың қаңтарында кеден қызметінде тәртіп орнатуға, әсіресе Қытаймен шекарада аса көңіл бөлулі талап еткен болады.

«Айырмашылық миллиардтаған долларды құрайды. Мұндай үлкен айырмашылықтың қалай пайда болғанын ешкім түсіндіре алмайды. Шынын айтқанда, бұл контрабанда», – деп түйінделі сол кезде Тоқаев.

Сонымен қатар, 2021 жылдың қарашасында Қазақстанда тауарларды таңбалау және қалағалау жобасы аясында «аяқ киім» өнім тобы енгізілді. Бизнеске 2023 жылдың сәуіріне дейін белгіленбеген аяқ киімдерді сату



мүмкіндігі берілді. Алайда аяқ киім нарығының кейбір қатысушылары жаңашылдықты сынап, таңбалау қосымша шығындардың көптігі мен қолданыс қымбаттығына байланысты аяқ киімнің бағасын 30 пайызға қымбаттағанды дегенді алға тартты.

Негізсіз мәлімдемелерге жауап ретінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов 2022 жылдың ақпанында таңбалау бизнес үшін айтарлықтай шығын әкелмейтініне және оны енгізу аяқ киімнің құнына әсер етпейтініне сендірді:

«Бір таңбалау кодының құны 2,68 теңге, аяқ киімге Data Matrix кодын қолдануға арналған жабық жоғары ағынды желілерге қарағанда айтарлықтай арзан».

Премьер-министрдің мәлімдемесін қазірдің өзінде аяқ киімге таңба салып, оны енгізу қажеттілігін қолдайтын нарық қатысушыларының өздері де қолдап отыр. Adidas және Intertop

ресми дистрибьюторлары өкілдерінің айтуынша, аяқ киімді цифрлық таңбалау құны өзіндік құнның 1%-нан аспаған және бұл компаниялар жеткізген аяқ киімнің түпкілікті құнына әсер еткен жоқ.

Shoes Republic қазақстандық аяқ

Қазақстан Республикасының Ұлттық тауарлар каталогында тауарларды өздерінің жеке кабинетінде тегін тіркейді. Қатысушылардың өнім туралы ақпараты болмаса, жүйе техникалық қарғаны тегін генерациялауға мүмкіндік береді. Тапсырысты басқару станциясының жеке кабинетіне кіру тегін қамтамасыз етіледі.

Әрбір аяқ киім өнімін таңбалау үшін кәсіпкерлерге ҚҚС-сыз 2,68 теңге тұратын жеке Data Matrix коды беріледі. Өнімді таңбалау ережелері қосымша принтерлерді сатып алудың қажеті жоқ. Осыған байланысты айналымға қатысушы тауарды таңбалауды қосымша жабықты сатып алмай-ақ, тіпті қәдімгі принтерде де жүргізе алады.

Бұл ретте 2023 жылғы 1 сәуірге дейін таңбалау кодтарын қолдану құнын төмендету мақсатында аяқ киім өнімдерін импорттаушыларға қолды өздерінің қоймаларында қолдануға рұқсат етіледі.

Сандық таңбалау процестері арнайы біхалд немесе дағдыларды және құжаттардың немесе бағдарламашының қатысуын талап етпейді. Шағын бизнес мұны сандық таңбалау процесіне қатысатын барлық қызметтер мен мобильді қолданбалар бойынша оқулықтар арқылы үйде жасай алады.

Қажетті құрал-жабдық болмаған жағдайда жабдықтың құны шамамен 25 мың теңгені құрауы мүмкін. Бұл контрафактілік нарықты құру және денсаулыққа зиянын азайту үшін төлеуге болатын жоғары баға ма - әркім өзі шешеді.

«Ел тілегі» ақпарат

## МАЛ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАУ КЕРЕК

Қазіргі таңда мал ұрлығы күрделі мәселенің бірі болуда. Кейбір тұрғындардың малы өрісте ұрланса, бірінікі қорадан қолды болып жатыр.

Малдың жоғалуының бірінші себебі – пада ұйымдастырылмай, қараусыз қалдыру. Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкерлерімен және Ветеринария қызметімен бірлесіп, жолдарда мал тасымалдайтын көлік құралдары мен малдарға тиісті құжаттарын (малдың төлқұжаты жоқ немесе ветеринарлық анықтамасы жоқ, таңбалары мен сырғаларындағы нөмірлері сәйкес келмеу деректері) тексеру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Одан бөлек, көршілес Түркістан және Ақтөбе

облыстарындағы әріптестермен ақпарат алмасуда. Сонымен бірге, қараусыз, бей-берекет белгіленбеген орында жайылып жүрген малдардың иелеріне Әкімшілік кодекстің 408-бабымен әкімшілік хаттама толтырылып, шара көрілуде (Ауыл шаруашылығы жануарларын жою қағидаларын бұзу, санкциясы 3-тен 10 АЕК дейін айыппұл).

Сол себепті малдарды бақташымен пада арқылы белгіленген орындарда жайған дұрыс (2022 жылдың 12 айында – 2053 хаттама толтырылған). Қылмыстардың уақтылы ашылауына жоғалған малдарын иелері өз күштерімен іздеп, полицияға кеш арыздануы да әсер етуде. Қабылданған шаралар мал ұрлығымен айналысатын тұлғалардың қылмыстық әрекеттеріне тосқауыл болды. Нәтижесінде мал ұрлықтары төмендеп (-39,8%, 191-тен 113-қа),

ашылуы жақсарды.

Дегенмен де ұрлық бойынша уақтылы хабарлау, пада ұйымдастыру, малдарды таңбалау, сырғалау, JPS құрылғыларын енгізу жұмыстарын жүргізу тиімді болар еді. Себебі, ұрланған малдарды табу, тану барысында қиындықтар туындауда. Қызылордалық полициялар мен жергілікті атқарушы органдары бірлесіп мал ұрлығын болдырмау, алдын алу мақсатында көптеген жұмыс істеп жатыр. «Мал ұрғысы», «Соғым» жедел профилактикалық шаралары аясында облыс аумағындағы шаруа қожалығының барлығына түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Тұрғындарға малдарды тіркеу, сырғалау, арнайы чип салу қажеттігін жиі ескертілуде. Бұл бағыттағы алдын алу жұмыстары жалғасын табады.

«Ел тілегі» ақпарат

**Өткен бабаларыңның ілім-білімі, ақыл-ой парасаты күні бүгінге дейін ел ішінде аңызға айналған қасиеттері мен кереметтерін рухани болмысын зерттей отырып еліміздің, ұлттымыздың рухын асқақтатуға ұлттық санамызды оятып тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді дәріштеп, біздер текті ұлттың ұрпағы екенімізді және біздің өткен бабаларымыз қараңғы, білімсіз, сауатсыз емес... Ілім, білімді жете менгергендігінің арқасында әлем құпиясын оқып танып, ғарыштық құпияларды түсіне алатын әулиелік қасиеттерді игерген, құдіреті мен кереметтері ел аузында аңызға айналған текті бабалардың ұрпағымыз.**

Соларың бірі Сыр бойының перзенті «Орал баба», «Орал ишан», «Орал ахун» бабамыздың әулиелік кереметін, қасиетін зерделеп бүгінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат тұттым. Орал баба Қазмамбетұлы 1823 жылы Арал ауданы, Шөмішкөл елді мекенінде дүниеге келіп, он жасына дейін Қорқыт ата, Бегім ана, Сах кожа, Айтуар әулие, Үргенішбай баба, Сарыайғыр бағыр, Мәйек баба, Бәте ата, Нұрлыбай ата (соғы ата), Жылкелді әулие (қара бақсы) Базар кожа, т.б сыр өңірінде аты аңызға айналған әулие әнбиелер туралы аңыз әңгімелерді тыңдап өсіп, ауыл имамдарынан, діни ағартушыларынан ілім алып, тумысынан зерек білімге құштар баба ұстаздарының ақыл кеңестерімен алған білімін Бұхарадағы Көкілташ медресесінде жалғастырады. Осы арада Көкілташ медресесіне тоқтала кетсек, ол Бұхарада XVI ғасырда салынған. Бір деректерде 1551-1575 жж Барақхан мен Дәруішхан тұсында ханның уәзірі салдырған десе, қазақ ұлттық энциклопедиясында қазақ батыры, қолбасшы Самарханның әмірі Жалантос бахадур бабамыз салдырған деседі. Сыр өңірінен молда, имам, Дам молда, ишандардың көптеп шығуының себебі осыдан шығар. Қасиетті Мәшхүр Жүсіп «Көкілташ медресесін бітірген адам іліміне кереметі сай Әулие, ақылына даналығы сай би, іліміне білімі сай Дам молда болып шығады» деген. Он жасында Бұхараға барып Көкілташта білім алып, ғылымда Ұлықандай ұлама негізін қалаған Самархан, Бұхара, Орта Азия елдерінің ғұлама білгірлерімен елу жасына дейін иык тіресіп қатар жүрген. Бабамыздың атак абыройы асқақтап тұрған шағында Самарханның билеушісі елдің білікті білгірлерін жинап бір сұрақтың жауабын сұрайды. Жер жерден тәжік, өзбек, қазақ, қырғыз, карағалпақ халқынан шыққан талай білгір ғұламалары билеушінің сұрағына жауабын таппай дал болса керек. Ұстазы «Оралжан, осы сұрақтың жауабын сен бере аласың» деп билеушіге Бабаны алып келеді. Сұрақ беріледі, жауап қайтарылады. Қойылған сұрақтың жауабы ханға ауыр түсе керек, хан ұзақ үнсіз қалып, бұл туралы ешкімге тіс жармауын ескертіп, күзетшіге шығарып салуын бұйырады. Мән-жайдың мәнісін түсінген ұстазы Орал бабаны билеушіге апарғанына өкініп, «Енді саған қауып төнді, бекер апарған екенмін сені, өлтіреді, еліңе қайт!» деп бір түннің ішінде түйеге кітаптарын артып, елге қайтарып жібереді. Шығарып салып тұрып Бабаның зеректігіне, білімділігіне, даналығы мен бойындағы қасиетіне разы болған ұстазы «Оралжан, Бұхараның бүкіл ілім, білімін арқалап кеттің-ау» деп айтқан екен.

Елге қайтып келе жатып жолда Хорезмнің жанында қос тігіп отырған қарияның үйіне келіп дем алады, жөн сұрасады. Бұхарадан қайтқан сапарын естіген қария: «Ал енді іліміңді көрсет» десе керек, Орал баба ілімдерін бірінен соң бірін баяндай бастайды. Ұзақ тамсана тыңдаған қария ол да құралақан болмаса керек, «Ілімің өте зор екен, бір көк қырағатыңды дамыту керек. Мен сенен ілім үйренейін, сен менен қырағат үйрен» деп қасында қалуға қолқа салады. Сонда бір жылдай қарияға ілім үйретіп, қариядан қырағат

үйреніп елге оралады. Зікірді, Құран аяттарын құрғақтай оқып жатқа айтқаннан қырағаттап асты-үстің келтіріп, оқудың мән-мағынасын, тыңдаушыға қырағатпен жеткізудің әсері өте жоғары. Бұл жерде Орал бабаның жасы елуге таяп қалса да ілімге құштарлығы бар ғұмырын ілімге арнағаны байқалып тұр. Орал бабаның елге келе жатқанын естіген өңірдің қария, ахун-ишандары жиналып, Қазалыдан үш күншілік жерден күтіп алып, той жасап халық үлкен қошмет көрсетеді және Қазалыдан бір үлкен мешіт салып берейік, сонда болыңыз деп қолқа салады. Орал баба халыққа шексіз ризашылығын білдіре отырып, рұхсат сұрап туған жері Шөмішкөлге оралады. Келген соң

алыстан сезу, көру қасиеттеріне тоқталар болсақ, оразада пітір-салақа кезінде шараларға малы, берерге дәні болмай қатты қиналып тұрған бір кісі қабырғада шанышылып тұрған тебен инеге көзі түседі. Пітірім осы болсын деп тебенді алып, мешітке келе жатып, жолай біреу атын, біреу сиырын, біреу қойын жетектеп келе жатқанын көріп, мен алып келе жатқан тебен ине ұят болар деп, жарты жолдан кері қайтып кетеді. Осы жәйді алыстан сезу қасиеті ақылы байқаған Орал баба, адам жіберіп мешітке шақыртып алады. Сіз жаратқанның жолына тебеніңізді емес, ниетіңізді бересіз. Бие, түйе, тебенді халыққа бересіз. Тебеніңізді мешітке қоятын қызметі халыққа, сауабы сізге

бұйтпесең Оралжан болармысың» деп басын шайқаған екен.

Осы орайда айта кететін бір жайт, әкемізден, көне көз қариялардан естіген әңгімелерімізден жазу барысында, жанымызда жаңғырып тұрғандай бірінен соң бірі ойымызға оралып жатыр. Бұл біздің табиғатымызда бар құбылыс, мыңдаған жыл тарихымыз, шежіреміз, ауыз әдебиетіміз кітап болып басылып шықпаса да атадан балаға қаймағы бұзылмай бүгінгі күнге жеткені дәлел. Осы орайда әулиенің денесі бұзылмайды деген қағида бар. Бұл шынайы дәлелденген, баспа беттерінде жарық көрген, бірнеше денесі бұзылмаған әулиелердің тарихын мысал ретінде келтіріп кетуді жөн санадым.

Жаратылыстың бізге беймәлім құпиясы әлі де жетерлік. Солардың ішінде әулиелердің бойындағы күш-қуат, қайнар қасиеттер мен керметтері, түпсіз терен құпиясы әлі де толық ашылып болған емес. Олардың қасиеттері, мифтері мен жасаған кереметтері ел аузына атадан балаға жеткен аңыз-әңгімелері күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Мұндай тұлға бойында ерекше тылсым күш, жұмбақ қасиет дарыған адамдарды

## ОРАЛ БАБА - ӘУЛИЕ БАБА

ағайын-туыстар жиналып, кірпіштен мешіт салып берген екен. Сол мешітте өмірінің ақырына дейін бала оқытып, елге шариғат жолының мән-мағынасы мен қыр-сырын түсіндіріп отыған. Сонымен қатар тұрмысы ауыр, күнкөрісі төмен және сырқаттанған жандарға жұмадан жұмаға дейін мешітке түскен қайыр-садақадан «Шүлен қазан» таратып өмір тауқыметінен қиналып, күйзеліп келген жандарға шариғат аясына ақыл-кеңестер беріп, дауласып келгендерге басу айтып, татуластырып, қиын кездерде елді сабырға шақырып отырған деседі. Көктем мұз бұзылып, сен жүріп жатқан кез болса керек таң намазын асығыс оқи сала, көйлекшең қолына ұзын арқан алып, атына жайдақ отырып кемпірінің дайындап қойған шайына қарамай, асығыс шаба жөнеледі. Содан тұрса жақын оң иығының терісі сыдырылған, көйлегін қан жуған күйде үйіне оралады. Мұны көрген кемпірі шошып кетіп, «ойбай-ау, саған не болған, амансың ба?!» деп сұрайды. Баба байсалды кейінде шайын ішіп отырып, «Көзде бес алты балықшы балық аулап жүргенде мұз бұзылып, сен жүріп шаналарымен мұздың үстінде орталыққа ығып бара жатыр екен, соларды алып шықтың» деп келте қайырыпты. Күндер өтіп ауылда бір қайтқан кісінің жылы беріліп жатады. Садақаға жиналған кісіледің ішінен бір адам әңгімесін бастайды, «Таң ата алтауымыз шаңамамызды сүйретіп, ау қарауға шыққан болатынбыз, күн суық, мұз мықты ауларымыздың бірін суырып бірін салып жатқан кез еді, аяқ астынан дауыл тұрып, алай-түлей болып, көлдің бетіндегі мұздар патырлап бірінен соң бірі бөліне бастады. Үстімізде ауыр киімді, жинаған балығымызды, құрал-саймандарымызды тастап шанымы сүйретіп не болса да бірге болайық деп, бір үлкен сеннің үстіне жиналды. Дауыл күшейіп біз отырған сенді көлдің отасына қарай айдап баралды, аман қалмасамызды сезіп жаратқанға жалбарынып, «Ақудайлап, Бозқасқалап» келеміз, бір кезде ақ қойлек, ақ дәмбалды, атын жайдақ мінген біреу көлдің үстімен шаптырып келіп арқанын шаңамамыздың құлағына құрықша тастады да, сүйрей жөнелді. Біздер шаңаға жабыстық, қорқыныштан қарауға шамамыз жоқ. «Ақудай, Бозқасқа, Ақудай, Бозқасқа» деп бірімізден соң біріміз жаратқанға жалбарынып, тоқтаусыз сыйынып жатырмыз. Бізді сүйреп келе жатқан адамның атының тұяғы бірде суға тисе, бірде тимейді. Шаңамыз да суға батпайды, сол тартуменен жағаға жеткізіп шығарды да, арқанды қалдырып, шауып кетті. Аман қалғанымызға қуанып, «Ақудайлап» үйге келдік деген кезде асқалдардың ортасында отырған Орал баба «Сол кездегі Аллаға атаған құрбандықтарын, садақаларың, бозқасқаларың қайда, ұмытып кеттіңдер ме?» деп киімін шешіп, иығында арқан қажап, терісі сыдырылып, қызыл еті көрініп тұрған, жазыла қоймаған жара орнын көрсеткен екен. Артыңша әлгі адамдар елге құдайы тамақ беріп, мұқтаж жандарға садақа таратыпты.

Бұл арада адамдардың ажалы Алладан емес, су перілерінің әрекеті екенін әулие қасиетімен байқап, кереметімен құтқарып қалғаны белгілі болып тұр. Бабамыздың бойындағы «телепатия»



болсын деген екен. Сол уақыттарда екі үйдің бірінде тебен ине бола бермейді. Ауылдастар қажет кезінде мешіттен алып, ұзақ уақыт пайдаланып тұрған деседі.

Осы орайда, әкем Ерниязға әкесі Дәулеттің айтқан бір әңгімесі ойға оралады. Мен туған жыл екен деп бастады әкем. 1903 жылы шілде айында Орал атан қатты ауырып, төсек тартып, жатып қалады. Күндіз ағайындар көңілін сұрап, түнде кезектесіп қасында күзетке отырады екен. Бірде баба ет жақын ағайындарын шақырып алып, «Мен ертең қой өрістен қайтып, жұлдыз шыққанша ұзақ сапарыма аттанамын. Сіздер сүйегімді өзім ұстаған мешітім, жақын маңға қойыңдар. Жаназамды ұстамаза шығартыңдар. Ол неше күнде келсе де сол кісіге қаратыңдар» деп аманат етеді. Ұстазы Бекарыстан би ауылынан, бірақ сол кезде бір жағдайлармен істі болып, Қазалының түрмесінде жатыр екен. Отырған ағайындардың ортасынан бір адам «Ақсақал ол кісі қамуада жатыр ғой, шілденің аптабы соғып тұр, біз сізді қалай шыдағамыз» дегенде, «Әзім шыдаймын, күтіндер» деген екен. Баба ертеңіне өзі айтқан уақытында үзіліп, ағайындар іш дәретін алғызып, бетін жауып он жаққа шығарып, ұстазын күтеді. Күндер бірінен соң бірі өтіп жатты. Ағайындар қараң еткен адамды да, атты адамның да жолын қарап күтумен болады. Арада бір жұма өткеннен кейін түн ортасында көл-пөліне, су-луына қарамай қопаны жарып, бір адам көрінді, сойтсе бабаның ұстазы түрмеден босап шығып келе жатқан боы екен. Мән-жайды ағайындардан түсінгеннен кейін ұстазы дәретін алып, баба жатқан бөлмеге кіріп, бетін ашып, денесін қараған кезде екі беті қызыл шырайы жүзінде, денесі бұзылмаған тап-таза, иіс-қоныссыз құрайған, көгерген жері жоқ ұйықтаған кейпінде жатыр екен. Ұстазы көзіне жас алып, разы күйінде «Ай, әулием,

халқымыз «Әулие» - деп қадір тұтқан. Сонымен «Әулие» - деген кім, бұл туралы исламда не дейді, соған тоқталып өтейін. «Әулие» - арабша «Уали», көпше түрінде «Аулийя» - Алланың досы, Аллаға жақын тұрушы адам. Алланың қамқоршылығындағы адам. Алланың мейірімін түскен адам» - деген мағынаны береді. Қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде «Әулие» туралы бірнеше аяттар келтірілген. «Юнус» сүресінің 62 аятында «Биліңдер! Расында Аллаңның достарына қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды» (216-бет) - деп. Жаратқан ие алдында әулиенің қаншалықты қадір-қасиетке ие екендігі көрініп тұр. «Әли ғұмыран» сүресінің 169 аятында «Алла жолында өткендерді өлді деп ойлама, олар тірі Раббыларының жанында, олар ризыққа бөлендіріледі» (72 бет). «Бахара» сүресінің 154 аятында «Алла жолында өткендерді олар өлі демедер, олар тірі, бірақ сендер сезініп, біле алмайсыңдар» (24 бет).

Аталған аяттардан біз Алла жолында жүріп, дүниеден озған әулиелеріміздің өлдер қатарында жатпайтындығын, жаратқан ие өзіннің қамқорлығына алатындығын, өзіне дос санайтынын, қасиетіне, кереметіне қадірлі сай Алланың қалаулы жан екендігін түсіндік.

Осыған орай Орал бабамыздың жоғарыда айтылған кереметтерін, қасиеттерін, дүниеден денесі бұзылмай тірі күйінде кеткенін, еске ала отырып «Орал ишан», «Орал ахун», «Орал әулие» бабамыз екенін сенімді айта аламыз. Сөзіміз әлі де дәлелді болу үшін өмірден денесі бұзылмай өткен әулиелер туралы сыр таратайың.

Ахун, ойшыл, суфизм ілімінің негізін салушы философ, ғұлама, ғалым, әулие бабамыз Қожа Ахмет Яссауидің тұлғасы тек түркі, ислам өркениетінде ғана емес, күллі адамзат тарихында маңызды орында

не десек қателеспейміз. Сондықтан ЮНЕСКО 1916 жылды түркі әлемінде «Қожа Ахмет Яссауи жылы» - деп атап өтті. Негізгі деректерге қарағанда Қожа Ахмет Яссауи 1166 жылы өмірден озды делінген. Осыдан 855 жыл дүниеден озған әулие бабамыздың денесі бүгінгі күнге дейін бұзылмай тірі күйінде жатыр десе қалай қарайсыз. Тіпті «Тірі» жаны бар кейінде жатқанын білесіз бе? Қаз КСР-дің еңбек сіңірген қайраткері, бұрынғы Қазпроект реставрацияның басшысы Баян Тұяқбаева Яссауи баба кесенесіне жүргізген реставрация жұмысы жайында «Орда кз» газетіне берген сұхбатына мынадай естелік келтірді. 1990 жылдары кесенені қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Бабамыздың құлпытасы лахат жағына қисайып кетіп еді. Біздің қызығушылығымыз оянып, сағананы (XII ғасырда жасалынған) ашып қарап, мүрдесіне қол тигіздік, денесі әлі шірімеген екен, жаны бардай. Бұдан әрі айта алмаймын, бірақ сол кездегі көңіл-күй ерекше болды... Есімнен кетпейді...» - деді. Яғни әулиенің денесінің бұзылмайтынын бір дәлелі.

Көрнекті Ахун, ұлы ойшыл Мәшхүр Жүсіп әулие өзінің өмірден озатын жылын, күнін, жерленетін жерін белгілеп, көрін қаздырып, жер астынан бөлме әзірлетіп, үстіне мазар орнатып, мазар біткен соң асын бергізген екен. Бұдан жошынған халыққа өзі қайтыс болған жылы елді ашаршылық жайлап, содан елдің аза тұтуға мұршасы болмайтындығын айтып түсіндіріпті. «Тәнім бұзылмай ондаған жыл сақталады, көрмді ашық қайырғандар өйткені талай сырқат жандар ауруына ем, дертіне шипа табады. Көрмді жиырма бір жылдан соң жабыңдар, сол кезде арам қолдар араласады, ал оған дейін денеме тұқ болмайды. Тек жиырма бір жылдан кейін сол аяғының башпайы шірі бастайды, себебі жас күнінде бір мысықты теуіп жібергенің бар еді» деген екен.

Әулиенің айтқаны айдай келеді 1931 жылы Мәшхүр Жүсіп қайтыс болады, бұл кезде халық ашаршылықтан қырылып жатқан кез. Әулиені құрметтеген ел өзі дайындап кеткен мазарға айтқанындай қойып үлгереді. 1952 жылы Кеңес үкіметінің шолпақ белсенділері мазарды бұзып тастайды, сол кезде ел жиырма жыл бойы денесі бұзылмаған, шашы, тырнағы түспеген әулиенің мәйітіне куә болады.

Манғыстаудағы Бекет атаның да денесі бұзылмаған. Оғландағы жер асты мешітін келген шырақты ұрпақтары айына бір рет келіп, Бекет атаның сақал, шашын, тырнағын тұрақты түрде алып, күтім жасап отырған. Құрбан айттың алдында Арафа күндері киімін жаңартып тұрған. Кейінірек шолпақ белсенділердің қысымынан негізінде қабірге кіретін есікті жауып тастаған.

Қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызылжөл ауылында туған Шәді Төре әулие Шаян, Қарнақ, Ташкент, Бұхарадағы Көкелтәш медреселерін бітіріп араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген Қазан, Орынбор, Ташкент баспаларында «Сияр Шариф», «Қазіретті Мұса мен Перғауым», «Төрт дәруіш» сынды талай діни өлең дастандар қиссалар, шежірелер қалдырған ғұлама. Шәді Төре әулие 1933 сұрапыл жылдарда Кеңес белсенділерінен қысым көріп, Өзбекстан жаққа кетіп, сол жақта қайтыс болғаны белгілі болғанмен сүйегі қай жерде жерленгені белгісіз болып келген еді. Арада жиырма бес жыл салып Өзбекстаннан табылады, өзбектер құрметтеп басына тау ескен екен, ашаршылық кезінде елде күш-қуат қайдан болсын, Шәді бабаның көрін тізеден төмен қазып көміп кеткен екен. Жиырма бес жылдан соң бейіттің бір шеті ашылып қалады. Қайта жерлеу барысында сол ауылдың қариялары сақал, шашы, тырнағы өсіп кеткен, денесі бұзылмаған Шәді Төренің мүрдесіне куә болады. Айта берсек денесі бұзылмаған «Баба Түкті Шашты Азия», Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті «Жүніс Әміре софь», «Оқышы Ата», «Сұнақ Ата» т.б денесі бұзылмаған әулиелерді көптеп мысал келтіруге болады.

Бірақ біз бүгін жазып отырған Орал баба бұл дүниеден денесі бұзылмай өткен «Алланың досы, әулие бабамыз» екенін халыққа жеткізуді мұрат еттік.

**Орал баба туралы зерттеп жазған Тұрмағанбет ЕРНИЯЗҰЛЫ**



## Бір кем дүние...

Шебер бір суретшінің оқушысы өз оқуын тәмамдапты. Оқуын тәмамдаған оқушысына ұстазы былай депті: «Ең соңғы салған суретіңді қаланың ең көп адамдар жиналатын алаңына қойып қой.

Суреттің қасына да бір қызыл түсті қалам қой. Адамдарға суреттің ұнамаған жерін сызып қойып өтініп бір хат қалдыр», депті ұстазы.

Оқушы ұстазының айтқанындай жасап болып, бірнеше күннен кейін суретті көру үшін алаңға барады. Адамдар суретті қып қызыл сызып тастағанын көреді де адамдарға ренжіп ұстазының жанына жылап барады. Ұстазы оған ренжімей сурет салуды жалғастыруына кеңес береді.

Оқушы тағы да сурет салыпты. Ұстазы тағы да адамдар көп жүретін алаңға апарып қояын айтады.

Бірақ бұл ретте суреттің жанына бір құты толған түрлі түсті қалам қоюын және ұнамаған жерлерін өздері салуларын өтініп бір хат тастауын

айтады. Оқушы ұстазының айтқанын жасайды. Бірнеше күннен кейін келіп қараса сурет баз баяғы қалпында тұр екен. Қуанып ұстазына барыпты.

Ұстазы сол кезде былай депті: «Бастапқыда, адамдарға мүмкіндік берілгенде қаншалықты аяусыз сынға алатынын көрдің. Өмірінде мүлдем сурет салып көрмеген адамдардың өзі сенің суретіңді қызылмен бояп тастады. Екіншісінде, адамдардың жағымды, мейірімді және өз өнерін көрсетугін қалады. Өнерлі болу үшін білім керек. Адамдар суретті түзетуге жігер тапты алмады»

Өмірде де дәл сондай, адамдарға мүмкіндік берген кезде сізді аямайды. Сынайды. Бірақ олар сіздің жасағаныңыздың бөреуін де жасай алмайды. Ешқашан берілменіз. Адамдардың сізді езіп тастауына жол берменіз.

**Аудларған Ләззат БАЗАРБАЕВА**

Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, **8 771 693 31 81,** **8 705 982 76 61** нөмірлеріне хабарласаңыз болады.



**(16.01-22.01.2023)**

**Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)**



Қатты жұмыс күшіңізді әлсіретуі мүмкін, бірақ қаржылық жағдайлар әлдеқайда айқын және жағымды болады. Бұл барлық қиындықтарды өтейді. Сізді мазалайтын мәселелерді шешу үшін дер кезінде шаралар қабылдауға уақыт табу керек болады. Демалыс күндері өзіңізге көңіл бөліңіз.

**Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)**



Өтініштеріңіз бен мәселелеріңізді реттеуге тырысыңыз және басқалардың да кеңестерін тыңдаңыз. Өмірден бәрін бірден талап етпесеніз ғана қиындықтарды жеңіп, тамаша нәтижелерге қол жеткізе аласыз. Сізге көп шыдамдылық қажет болады. Демалыс күндері достарыңызды қонаққа шақырыңыз.

**Егіздер (21 мамыр-21 маусым)**



Сіз белсенді болуыңыз керек және жаңа тәжірибе алуыңыз керек. Сіз шамадан тыс әбігерге беріле алмайсыз. Жауапты істермен әзірше айналыспаңыз. Үй шаруашылығына өзіңіз қамқорлық жасауыңыз керек, өйткені оны сізден жақсы ешкім жасай алмайды. Демалыс күні тек отбасылық мәселемен өтеді.

**Шапаң (22 маусым-22 шілде)**



Өзгерлерден ерекшеленуге деген ұмтылысы сізді бұрыннан келе жатқан мақсатқа жетелейді. Жұмыс ұсыныстары түсіп жатқанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, ескі, танымал жерден кетудің қажеті жоқ, бірақ бастыққа сіздің қаншалықты талантты және сұранысқа не екендігіңіз туралы идеяны жеткізу пайдалы болады.

**Арыстан (23 шілде-22 тамыз)**



Басшылықтың талабына тым эмоционалды түрде жауап бермеңіз, жүйіңізді қалағаланыңыз. Сіз жағымсыз әңгімеден құтылуыңыз дипломатиялық жолын табуыңыз және сізге қажет шешімге қол жеткізе аласыз. Тынымсыз еңбек тез табыс әкеледі, сіз көп нәрсеге қол жеткізесіз, тіпті күшіңіз таусылса да.

**Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)**



Сіздің көптеген жоспарларыңызды түбегейлі қайта қарауға тура келетініне қарамастан, өмір қарқынды болады. Өзіңізге деген сенімсіздіктің кішкене көрінісімен қатты күресуге тура келеді, мүмкіндігінше қолдау табуға тырысыңыз. Әрекет етуден мүлде бас тартқанша, бөгіле адамдардың көмегіне жүгіңіз дұрыс.

**Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)**




Өз түйсігіңізге сеніңіз. Өзгерлерге тікелей жауап беруден жалтармаңыз, тек шынның ойлағаныңызды, не нәрсеге сенімді екеніңізді айтыңыз. Демалыс күндері сіз энергияға толы боласыз және жаңа оқиғаларға дайын болыңыз. Қуш-қуатыңызды барынша жаңа істерге арнайтын боласыз.

**Сарышаян (23 қазан-21 қараша)**



Басқалардың сізбен бөлісетін кеңестеріне назар аударған жоң, сіз сөзбе-сөз «алтын идеяны» таба аласыз. Басқа адамдардың мүдделерін қорғауға тым көп алданбау керек, өйткені сіздің жеке істеріңіз керемет жылдамдықпен жиналып, дереу шешуді талап етеді. Демалыс күндері абай болыңыз, кез келген сөз жанжал тудыруы мүмкін.

**Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)**



Кейбір қателерді түзетеу мүмкіндігі болады, оны пайдаланып көріңіз. Төпе-теңдікті сақтау және өз эмоцияларыңызды бақылау маңызды. Қоғамдық істерден аулақ болыңыз, идеяларыңыз бен жоспарларыңызды өзіңізге қалдырыңыз. Демалыс күндері күш пен шығармашылықтың серпілісі болады.

**Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)**



Сіздің тынышсыз энергияңыз айналаңыздағыларды таң қалдырады. Тым босансымаңыз, тағдыр сізді таңқалдыратын жол табады. Басқалардың айтқанын жүрегіңізбен қабылдамаңыз. Өзгерлердің ақылынан кереметтіңізді алыңыз. Демалыс күндерін отбасыңызбен өткізіңіз.

**Сүкүйгіш (20 қаңтар-18 ақпан)**



Өткенді қорытындылау сізге пайдалы болады. Ақпараттың көптігі жаңа тұжырымға айналады, оның көмегімен көптеген маңызды сұрақтарға жауап беруге болады. Сыр айтпауға тырысыңыз, біреуді түсінбеуі мүмкін, ал басқалар қызғанышпен қарайды. Аппа берекелі өтеді. Демалыс күндері қызықты болады.

**Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)**



Сіз айналаңыздағыларды келешегі бар ортақ іс үшін ұйымдастыра аласыз, бірақ сіздің жеке қатысуыңыз бен бәрі бұзылады. Жақындықпен қарым-қатынасты жақсарту мүмкіндігін жіберіп алмаңыз. Әр нәрседен қуанышқа себеп ізденіп, жағымсыз эмоциялар мен жаман ойларға жол бермеңіз.

## 2023 ЖЫЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҮШІН КІМ ҚАНША ТӨЛЕЙДІ?

Жұмыс берушілер қызметкерлері үшін – жалақының 3% мөлшерінде төлейді. Алайда салық салынатын табыс 10 АЕК (700 000 теңге) аспауы керек, яғни жұмыс берушінің ақша аударымының ең жоғары сомасы 21 000 теңгені құрайды.

Қызметкерлер және АҚС шарты бойынша жұмыс істейтіндер - табысының 2% төлейді. Бұл жерде салық салу объектісі 10 ЕТЖ аспайды, ақша аударымының ең жоғары сомасы 14 000 теңгені құрайды.

Жеке кәсіпкерлер - ЕТЖ-ның 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы немесе 4 900 теңге төлейді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыға азаматтар (БЖТ төлеушілер):  
- Республикалық және облыстық маңызды бар қалалардың тұрғындары үшін БЖТ көлемі 1 АЕК құрайды, яғни 3 450 теңге.

- Қалған елді мекендердің тұрғындары үшін БЖТ көлемі 0,5 АЕК құрайды, яғни 1 725 теңге.

Дербес төлеушілер – 1 ЕТЖ 5% немесе 3 500 теңге

Сондай-ақ, 2023 жылдан бастап арнайы салық режимдерін қолданатын микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін бірыңғай төлем енгізілді. Осы әдіс бойынша барлық міндетті төлемдердің мөлшері жұмыс берушілер үшін 15%, ал қызметкерлер үшін бірыңғай төлем мөлшерлемесінің 10% құрайды. Бұл ретте төлем есептелетін ең жоғары айлық табыс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 10 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

Бұдан бөлек, мемлекет 15 жылдық санатына кіретін азаматтар үшін төлем жасауды жалғастырады. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеңілдік санатындағы әр адамға жарна мөлшері 4 505,6 теңгені құрайды.

Бақыт Исмаханбетов сақтандырылмаған азаматтар МӘМС жүйесінің қатысушысы болу үшін ыңғайлы әрі тиімді тәсіл – дербес төлеуші ретінде алдағы 12 айға жарна төлеуге болатынын атап өтті. Мысалы, 2023 жылдың қаңтарынан бастап сақтандыру мәртебесін алу үшін 2023 жылдың қаңтарынан желтоқсанға дейінгі әр айға жеке-жеке 3 500 теңгеден төлем жасау керек.



## МӘМС ЖҮЙЕСİNДЕ БІР ЖЫЛҒА АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРЫЛҒЫСЫ КЕЛЕТІН АЗАМАТТАР ҮШІН

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалына МӘМС жүйесінде бір жылға алдын ала сақтандырылғысы келетін азаматтар хабарласады. Сіздердің назарларыңызға филиалдың бас сарапшысы Айгүл Аханованың дербес төлеушілерге арналған жадынамасы.

Егер 12 айға төлемдер әр түрлі күндерде жасалса, онда сақтандыру мәртебесі бірден емес, барлық төлемдер өңделгеннен кейін ғана беріледі. Төлемдер 3 жұмыс күні ішінде өңделеді.

Егер 12 айдың бірінде дербес төлеуші ретінде емес, БЖТ төлемі ретінде жүргізілсе, онда мәртебе берілмейді. Алдын ала төлем жасау арқылы сақтандыру мәртебесі тек дербес төлеушілерге беріледі. Егер сіз БЖТ-ны қате төлеген болсаңыз, онда төлемді «Азаматтарға арналған үкімет» «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға жүгіну арқылы қайтарып ала аласыз.

Егер төлем ағымдағы айдың соңында (27-28-ден кейін) жүргізілсе, онда төлемдерді тексеру келесі айда жүргізілуі мүмкін, яғни сақтандыру мәртебесі берілмейді және пациентке келесі жылдың тағы бір айы үшін қосымша ақы төлеу қажет.

Егер төлем алдағы 12 айға емес, 11 ай үшін жасалса, онда да мәртебе берілмейді. 2023 жылы дербес төлеушілер ай сайын 3 500 теңге төлейді. Бұл 1 ен төменгі жалақының 5%. Егер 2022 жылы 2023 жылдың айларымен қоса бір жылға алдын ала 3000 теңге көлемінде төлем жасалса, қосымша ақы төлеудің қажеті жоқ.

## МӘМС-2023: кім қанша төлейді?

Ең төменгі күнкөріс деңгейі мен айлық есептік көрсеткіш мөлшері инфляцияның болжамды деңгейін ескеріп, жыл сайын белгіленеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалында МӘМС үшін кімге қанша төлеу керектігі түсіндірілді.

Филиал директоры Бақыт Исмаханбетовтың айтуынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төлейтін жарналар мен аударымдар көлемі МӘМС туралы заңда бекітілген және ағымдағы жылы өзгеріссіз қалды. Ал ең төменгі жалақы және айлық есептік көрсеткіш базалық әлеуметтік төлемдерінің мөлшері өсуіне байланысты дербес төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер төлейтін жарна көлемі артты.

## ЕСЕПШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Көпшілік екі жерде жұмыс істейтін қызметкердің жарналар мен аударымдар мөлшерін шекті максимумды қолдана отырып, жалпы кірістен немесе олардың әрқайсысынан түсетін табысты жеке-жеке есептеу керек пе деген сұрақ қояды.

Мысалмен түсіндірейік. Қызметкердің бір ұйымдағы жалақысы 500 000 теңге, ал екіншісінде – 300 000 теңге делік. МӘМС туралы заңға сәйкес, жарналар мен аударымдарды есептеу үшін ай сайынғы табыс 10 АЕК аспауы тиіс. (10 \* 70 000 = 700 000 теңге).

Бұл ретте аударымдарды есептеу үшін осы шек әрбір жұмыс беруші бойынша жеке қолданылады (яғни бір жұмыс орнындағы шекті табыс). Қарастырылып отырған мысалда бірінші және екінші ұйымдағы қызметкердің жалақысын жеке-жеке есептегенде 10 АЕК аспайды: 500 000 теңге < 700 000 теңге; 300 000 теңге < 700 000 теңге. Демек аударымдар жалақының толық мөлшеріне сәйкес есептеледі: 500 000 теңге \* 3% = 15 000 теңге (бірінші жұмыс орнынан МӘМС-ке аударымдар); 300 000 теңге \* 3% = 9 000 теңге (екінші жұмыс орнынан МӘМС-ке аударымдар).

Ал жарналарды есептеу үшін қызметкердің бір айдағы барлық кірістерін қосыңыз керек (яғни жалпы барлық жұмыс берушілер бойынша). Қарастырылып отырған мысалда қызметкердің екі жұмыс орнынан түскен жалпы табысы 10 АЕК асып түседі (500 000 + 300 000 = 800 000 теңге). Демек, жарналардың мөлшері жалпы алғанда 14 000 теңгеден аспауы тиіс. Сонымен, 500 000 \* 2% = 10 000 теңге (бірінші жұмыс орнынан МӘМС жарнасы). Ал екінші жұмыс орнынан МӘМС жарнасы: ең жоғары рұқсат етілген жарна 14 000 теңгені құрайды – 10 000 (бірінші жұмыс орнынан ұсталған жарна) = 4 000 теңге. Екінші жұмыс беруші жарна мөлшерін дұрыс есептеуі үшін қызметкер оған аударылған жарналар туралы бірінші жұмыс орнынан анықтама апаруы керек. Бұл анықтама берілмеген жағдайда, екінші жұмыс беруші жарнаны толық көлемде төлейді, яғни 300 000 \* 2% = 6 000 теңге. Нәтижесінде екі жұмыс орнынан төленген жарналар 16 000 теңгені құрайды. Алайда артық төленген қаражат (рұқсат етілген ең жоғары жарнадан жоғары) қайтарылады: 16 000 – 14 000 = 2 000 теңге.

## ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32 бабына сәйкес 2 жылға әскерге шақыруға:

- медициналық мамандықтар (жалпы дәрігерлік тәжірибе);
- мотоатқыштар әскері;
- қаржылық қамтамасыз ету;
- психологиялық жұмысты ұйымдастыру;
- азық-түлікпен қамтамасыз ету;
- артиллериялық әскерлер мамандықтары бойынша

29 жасқа дейінгі запастағы офицерлер мен 32 жасқа дейінгі медициналық қызметтің запастағы офицерлерін әскери қызмет өткеруге іріктеу жұмыстары жүргізілуде.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген мамандығы бар запастағы офицерлер Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына (горвоенкомат), Қазантаев 19 үй, № 118 кабинетке, тел: 26-42-50, 87776803458 хабарласуларыңызға болады.

Әлеуметтік кепілдіктері:

- медициналық мекемелерде медициналық қамтамасыз ету мемлекет есебінен жүзеге асырылады;
- киім-кешек мөлдігімен жабдықтау нормалары;
- тұрғын үйді жалға алғаны үшін кепілді өтемақы;
- офицерлердің ақшалай үлесі;
- көтерме жәрдемақы, үстеме және басқа да әлеуметтік кепілдіктер қарастырылған

- Запастағы сержанттар мен сарбаздарды келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырамыз!

Келісімшарт бойынша әскери қызметші - Отанды кәсіби қорғаушы.

**Әскери қызметтің мүмкіндіктері мен артықшылықтары:**

1. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер ақшалай жалақымен қамтамасыз етілген (лауазымына, әскери шеніне және еңбек сипіріген жылдарына байланысты).

2. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер және олардың отбасы мүшелерін әскери медициналық мекемелерде медициналық қамтамасыз ету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Мемлекет есебінен белгіленген нормаға сәйкес, заттай мүлікпен (киім үлгісі) қамтамасыз етіледі.

4. Тұрғын үйді жалға алу қаражаты кепілді түрде төленеді.

5. Кезекшілікті атқарған кезде, далалық шығуларда, ұшуларды айындау және орындау кезінде, әскери эшелондарға ілесіп жүру кезінде, стационарлық емделуде болған кезде, т.б. белгіленген нормалар бойынша тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

6. Жыл сайынғы негізгі демалыстары, демалыстың ұзақтығы еңбек сипіріген жылдарына байланысты белгіленеді.

7. Еңбек өтілі бойынша зейнетке шығу.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданатын азаматтарға қойылатын талаптар:

- Қазақстан Республикасы азаматтығына ие болуға;

- Жас мөлшері он сегізден отыз екі жас және алты айға дейінгі болуға;

- әскери лауазымына сәйкес әскери есептік - мамандығы болуға; мерзімді әскери қызметті өткерген не жоғары оқу орындарының әскери кафедрасынан оқудан өткен, Қорғаныс министрлігінің әскери оқытылған резервті даярлау бойынша мамандандырылған ұйымдарында әскери дайлықтан өтеулі негізде өткен болуға тиіс.

**Өзін әскери қызмет өміріне арнауға ниет білдірген азаматтар Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына (горвоенкомат), Қазантаев 19 үй, № 118 кабинетке, тел: 26-42-50 хабарласуларыңызға болады.**

## Қызылорда қаласы тұрғындарының назарына!

Құрметті Қызылордалықтар! Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны «Әскери - техникалық мектебі» Қызылорда филиалы базасында өтеулі негізде әскери-техникалық мамандығы (атқыш) бойынша оқуға шақырамыз.

Жасы 24-27 жас аралығы бойынша әскерге шақырылушылар; 27-30 жасқа дейінгі аралығындағы запастағы әскери міндеттілер.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған; Білімі: жоғары, арнаулы-орта; Оқу өтеулі негізде 305000 теңге төлейді (банктік қызмет көрсету құнын есептемегенде);

Оқу мерзімі 40 күн оқу аяқталғаннан кейін әрбір азаматқа әскери мамандық алғаны жөнінде сертификат беріледі.

Ниет білдірген азаматтар Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына, Қазантаев көшесі 19 үй, №118 кабинет, тел. 26-42-50, 87776803458 телефондары арқылы хабарласуларыңызға болады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор  
Егиншибаева Анар  
Жақысбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор  
Сыдықова  
Жанар  
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуірінде аясында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:**  
Қызылорда қаласы,  
Байтұрсынов көшесі 46/36  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 5920 дана  
Индекс 66503  
Тапсырыс №9**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru  
Электронды нұсқасы:  
https://ret-gazeta.kz/**